

Shet shugylyasy



Shet aýdandyq qoǵamdyq-saiasi gazetі Gazet 1937 jyldan bastap shyǵady beisenbi, 8 shilde 2021 jyl №27 (10 855)

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛНАМАСЫ

БАСТЫ ОҚИҒАЛАР

2019 ЖЫЛ

- 2019 жылдың 19 наурызында Қазақстанның Тұңғыш Президенті өз өкілеттілігін тоқтату туралы мәлімдеді.

- 2019 жылдың 9 сәуірінде қабылданған «Қазақстан Республикасының Президентінің кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы» №18 Жарлығына сәйкес 2019 жылдың 9 маусымында өтті. Сайлауға Нұрсұлтан Назарбаевтың өз өкілеттігін тоқтатқалы уақытша президент болып тағайындалған Қасым-Жомарт Тоқаевпен бірге есептегенде жеті кандидат қатысты. Сайлау нәтижесінде Қасым-Жомарт Тоқаев сайлаушылар даусының 70,96 % иеленіп, ҚР 2-президенті болып сайланды.

- 2019 жылдың 2 қыркүйегінде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» деген тақырыппен халыққа жолдау жасады.

- 2019 жылдың 14-22 қыркүйек аралығында Нұрсұлтан қаласында күрес түрлерінен әлем чемпионаты өтті.

Маусым айында Арыс қаласында алапат жарылыс орын алып, қайғылы жағдай еліміздің әр азаматын бей-жай қалдырмады. «Қайғы - бөліссе азаяды» демекші, Түркістан облысының Арыс қаласында орналасқан әскери оқ дәрі қоймасындағы алапат жарылыстан зардап шеккен тұрғындарға көмек көрсету мақсатында «Арыс, біз біргеміз!» атты көмек көрсету іс-шарасына еліміздің барлық өңірлері мен кәсіпорындары, мекемелері, қоғамдық ұйымдары және басқа да жекелеген тұлғалары қатысып, қолдарынан келгенше арыстықтарға қолдау көрсетті. Бұл қазақстандықтардың кез келген қиындықта жұдырықтай жұмылып, топтаса түсетінін аңғартты.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Бүгінде еңсесі биік, мәртебесі жоғары, барша Алаш ардақтаған еліміздің бас қаласы Нұр-Сұлтан жаңа дәуірдегі жаңа Қазақстанның айшықты нышанына, ұлттың мақтанышына айналғаны ақиқат. Ару қала ұлтымызға жаңа самал, елімізге жаңа леп әкелді. Бүгінде Қыдыр дарып, құт-береке қонған киелі мекенге айналып, ұлт мұрасымен, ел тарихымен біте қайнасып кетті. Өйткені, «Мәңгілік ел» мұратын ұстанған еліміздің астанасы Нұр-Сұлтан қаласы - Отанымыздың жүрегіне, Тәуелсіздігіміздің тірегіне, әлем таныған мемлекетіміздің айбыны мен абыройы асқақтаған ғажайып шаһар биігіне көтерілді.

Жаңа қала Ару Нұр-Сұлтаннның көрікті, көздің

Нұрсұлтан - табыс пен өркендеудің символы

ОТАНЫМЫЗДЫҢ ЖҮРЕГІ, ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ ТІРЕГІ


жауын алар, жаңа үлгідегі биік-биік ғимараттары қалаға ерекше сән береді. Жер бетіндегі Еуразия құрлығының кіндігінде орналасқан Нұр-Сұлтан - Еуразия мен Азияны жалғастырушы алтын көпір, қақпаның кілті болса, күллі қазақ хақының - жүрегі.

6-шілде Елорда күніне орай Ортау ауылдық кітапханасында «Елімнің ет жүрегі» атты ақпараттық сағат өткізілді. Онда оқырмандар Нұр-Сұлтан қаласы туралы өлеңдер оқып, сұрақтарға жауап беріп, өздерінің тың ойларымен бөлісті. Ауылымыздың өсем табиғатына

демалуға келген қонақтарға «Еңселі Елорда» атты жазғы кітапхана ұйымдастырылды. Көрмеге еліміздің бас қаласының тарихы, қазіргі келбеті ескерткіштерімен ғимараттары туралы мәлімет беретін кітаптар, мерзімді басылымдармен таныстырып, шолу жасалынды. Сонымен қатар «Ел жүрегі - Астана», «Астана: фотоальбом», «Менің елім Қазақстан», «Астана монументі», «Астана» атты кітаптар қойылып, қонақтар назарына ұсынылды.

Астана - келешегі жарқын, болашағы айқын қала. Бүгінде Астана көпұлтты халқымыздың бірлігі мен ынтымағына тірек, достығы мен татулығына кепіл болып отыр. Ерке Есілдің жағасынан керегесін кең жайған Елордамыздың ғұмыры ұзақ, шоқтығы биік болсын!

Б.ТАЙЖАНОВА,
кітапханашы,
Ортау ауылы.



Луыл ажары

КӨШЕ ЖОЛДАРЫНА АСФАЛЬТ ТӨСЕЛУДЕ

жылдары көше жолдарын жөндеу, асфальттау қарқынды жүргізілуде.

Тоғыз жолдың торабы атанған ауданымызда кейінгі



Өткен жылы пандемияға қарамастан көше жолдарына асфальт төселіп, қомақты жұмыстар атқарылса, биыл да бұл жұмыстар жалғасын табуда.

Оның ішінде аудан орталығы Ақсу-Аюлы ауылдық округіндегі көше жолдары жергілікті қаржысы есебінен ретке келтірілуде. Солардың бірі Ақсу-Аюлы ауылдық округі әкімдігінің тапсырыс беруімен Ә.Хасенов көшесінен бастау алатын Ақадыр кентіне шыға беріс жолдың 670 метріне асфальт, 300 метріне ақ төсеме төселуде. Қазіргі уақытта аталмыш жұмысқа жауапты мердігер «ДСП Қаракөл» өз жұмыстарын қызу жүргізуде.

«Жолы жақсының өзі жақсы» демекші, жолдарымыз осылай жақсара берсе, ауылымыз да алдыға қарай өрлей беретіні сөзсіз.

М.ДӘУЛЕТБЕКҰЛЫ.



Сайлау-2021

АУЫЛ, КЕНТ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТТАР НАЗАРЫНА!

Аудандық «Шет шұғыласы» газетінде кандидаттардың өмірбаяны, сайлауалды бағдарламаларын газет бетінде жариялау бағасы әр кв.сантиметріне 150 теңге болады.

Сонымен қатар, баспахананда А3 форматта бағасы 1000 теңгеден үгіт-насихат жұмыстарына байланысты плакаттар дайындалып, шығарылады.

Аудандық газет редакциясы.

COVID-2019

ЫНТАЛАНДЫРУ ҮШІН ОЙЫН ОЙНАТЫЛДЫ

Бүгінде COVID-2019 індетіне қарсы вакцина алу қарқынды жүруде. Ауданымызға қарасты елді мекендерде індетке қарсы екпе келген екі-үш айда азаматтарды коронавирустық инфекцияға қарсы вакцина алуға ынталандыру мақсатында түрлі акциялар мен



ұтыстар ойнатылуда. Тіпті, кейбір кәсіпкерлер өз демеушіліктерімен қымызмұрындық, қайырымдылық іс-шараларын ұйымдастырып, тұрғындардың вирусқа қарсы күресте бірлігін бекемдеуге кірісіп кеткен. Дәрігер мамандардың айтуынша халықты жаппай вакцинациялап, ортақ иммундаған кезде ғана індет елімізден іргесін аулақ салмақ. Ол үшін вакцина салғызу аса маңызды. Себебі, вакцина салғызған адам айналасына әлдеқайда қауіпсіз, вирус жұқтыру, тарату деңгейі төмен болады екен.

Жуырда аудан орталығы Ақсу-Аюлы ауылдық округі әкімдігінің әлеуметтік инстаграм парақшасында вакцина алған азаматтар арасында лоторея ойнатылды. Мұнда әкімдіктің ұйымдастыруымен күнделікті қолданысқа қажетті тұрмыстық техника-



лардың көптеген түрі алынған. Ал, лоторея вакцина алған азаматтардың жеке сөйкестендіру нөмірлері арқылы жүргізілді. Нәтижесінде жеңімпаз атанған азаматтар бағалы сыйлықтарға ие болды.

Өз тілшімізден.

COVID-19 КОРОНАВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯСЫНА ҚАРСЫ ВАКЦИНАЦИЯЛАУ МІНДЕТТІЛІГІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІ ТУРАЛЫ

Инфекциялық және паразиттік аурулардың пайда болуы мен таралуының алдын алу мақсатында денсаулық туралы Кодексте көзделген санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шаралардың бірі - профилактикалық екпелер.

Медициналық қарсы көрсетілімдері жоқ, ҚР аумағында тұрақты тұратын жеке тұлғалар инфекциялық және паразиттік ауруларға қарсы екпелерді алуға міндетті (Кодекстің 85-бабының 4 және 8-тармақтары), олардың қатарына КВИ-ға қарсы профилактикалық екпе де жатады (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 612 қаулысына сөйкес).

Осылайша, медициналық қарсы көрсетілімдері жоқ адамдар үшін КВИ-ға қарсы міндетті вакцинациялаудың

құқықтық негіздері бар және бұл «Мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды» деген конституциялық нормаға сәйкес келеді (Конституцияның 31-бабы).

Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік бере отырып, ҚР Конституциясы мұндай шектеудің жол берілетін шектерін белгілей отырып, оларды шектеу мүмкіндігін жоққа шығармайды. Адамның құқықтары мен бостандықтарын және халықтың денсаулығын қорғау мақсатында ғана құқықтар мен бостандықтар шектелуі мүмкін (Конституцияның 39-бабының 1-тармағы).

ҚР Әділет министрлігі.

COVID-2019: ақпараттар

ҚАЗАҚСТАНДА ПТР-ТЕСТІНІҢ ОҢ НӘТИЖЕСІ БАР КОРОНАВИРУС БОЙЫНША 2021 ЖЫЛҒЫ 7 ШІЛДЕДЕГІ ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ

Өткен тәулікте коронавирус инфекциясын жұқтырған 2 800 жағдай тіркелді.

Елімізде коронавирус инфекциясын жұқтырғандар саны 445 091 жетті.

Оның ішінде:

Қарағанды облысында - 349 адам.

2021 ЖЫЛҒЫ 8 ШІЛДЕДЕГІ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАН ӨНІРЛЕРІНДЕГІ ЭПИ- ДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛДЫ БАҒАЛАУ МАТРИЦАСЫ

«Қызыл» аймақта: Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары, Ақмола, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Маңғыстау және Павлодар облыстары.

«Сары» аймақта: Алматы, Ақтөбе, Жамбыл, Қостанай, Қызылорда және Солтүстік Қазақстан облыстары.

«Жасыл» аймақта: Түркістан және Шығыс Қазақстан облыстары.

ЕЛІМІЗДЕ КОРОНАВИРУС ИНФЕКЦИЯСЫНА ШАЛДЫҚҚАНДАР ТУРАЛЫ 2021 ЖЫЛҒЫ 8 ШІЛДЕДЕГІ АҚПАРАТ

8 шілдедегі мәлімет бойынша 35 554 адам коронавирус инфекциясынан (34 265 КВИ+ және 1 289 КВИ-) емделуде, олардың ішінде

10 940 пациент стационарда, 24 614 науқас амбулаториялық деңгейде ем қабылдауда.

КВИ+, КВИ- шалдыққандардың арасында:

709 адамның жағдайы ауыр, 161 пациенттің жағдайы өте ауыр, 91 науқас ӨЖЖ аппаратында жатыр.

COVID-19 таралуына жол бермеу жөніндегі ВАК.

ВАКЦИНАЦИЯДАН КЕЙІН ИММУНИТЕТ ҚАШАН ҚАЛЫПТАСАДЫ?

Алғашқы иммундық жауап бірінші доза егілгеннен кейін 12-14 күннен соң қалыптаса бастайды.

Тұрақты иммунитет екі дозаны да вакцинацияланған жағдайда 1-1,5 айдан кейін қалыптасады.

Антиденелер түзілетін бүкіл көзін ішінде барлық сапалық шаралары сақталуы қажет - беттерде таяп, әлеуметтік қозғалысты сақтаңыз.

НЕ СЕБЕПТІ ВАКЦИНА САЛДЫРУ ҚАЖЕТ?

Себебі бұл - коронавирусқа қарсы күресудің бірден-бір тиімді тәсілі

Себебі бұл - иммунитетті көтерудің ең қауіпсіз тәсілі

Өзінді, жақындарыңды және екпе салынбағандар санатына жататын басқа адамдарды қорғау үшін

Коронавирустың таралуын және оның мутациясын тоқтату үшін

КЫСҚА МЕРЗІМДЕ ДАЙЫНДАЛҒАН ВАКЦИНАЛАР ҚАУІПСІЗ БЕ?

Бұл әлемдегі зертханалар вакциналардың алғашқы қауіпсіздік қызығушылық танытады.

Мемлекеттер вакциналарды алғашқы қауіпсіздік қарны салуда.

Әлем бойынша жүздеген зертхананың ішінде тек саналуы ғана вакцина емделіп шығаруға рұқсат алады.

Вакциналарды сынақтан өткізгеннен кейін ауыл жасандық анықталған жоқ.

Вакциналардан кейінгі асқынудың бүкіл әлем жеті назар аударуда.

Вакциналардан ауру тудыруға қабілетсіз ал вирустың фрагменттері пайдаланылады.

2021 жылғы 8 шілдедегі мәлімет бойынша Қазақстанда I компонентпен 4 020 128 адам вакцина салдырды, II компонентпен 2 283 761 адам.

Ал, Шет ауданында бүгінгі күнге, яғни 7 шілдеге дейін 7168 адамға вакцина салынды.

Жалпы 2021 жылғы 29 маусымдағы мәлімет бойынша Қазақстанда I компонентпен 3 246 795 адам, II компонентпен 1 954 372 адам вакцина салдырған.

Жұмыспен қамту орталығына - 10 жыл

ӘЛЕУМЕТТІК САЛА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ



Жуырда аудан әкімі М.Мұхтаров ауданымыздағы халықты жұмыспен қамту орталығының құрылғанына 10 жыл толуына орай аталмыш орталық ұжымын жеке қабылдап, құттықтады.

Ауданымыздың әлеуметтік сала қызметкерлері әлеуметтің әлеуетін көтеру, халықты жұмыспен қамту мақсатында жүктелген міндеттерді орындап, жоспарларды жүзеге асыруда елеулі

еңбек етуде. Аталмыш орталық арқылы әр жыл сайын жүздеген адам тұрақты жұмыс орындарына жолдама алып, түрлі мамандықты қысқа мерзімде қайта даярлау курстарында оқытылуда. Сонымен қатар, сан бағыттағы бизнес қолдаулар мен гранттар да осы орталықтың еншісінде. Осынау мәртебелі де мерейлі мақсатты желеп, жұртшылықтың ортақ игілігіне қалтқысыз қызмет атқарып жүрген жандарға аудан басшысы айрықша ал-

ғысын білдіріп, ұжым қызметкерлерін аудан әкімінің «Құрмет» грамоталарымен және «Алғыс хаттарымен» марапаттады.

Хақім Абай атамыз айтпақшы, «Жұмыс жоқтықтан» сақтап, жас мамандардан егде азаматтарға дейін қажетті көмек көрсетіп жүрген сала қызметкерлерін біз де мерейлі тойларымен құттықтап, еңбектеріне жеміспен толағай табыс тілейміз!



Сайлау-2021



2021 жылғы 25 шілдеде облысымыздағы ауылдық округтері мен кенттер әкімдерінің сайлауы өтеді. Соған орай Шет ауданы Ардагерлер ұйымының төрағасы Бейсентай Ілиясұлының сайлау жайында пікірін білген едік.

- Бүгінде осындай сайлау өткізудің уақыты келді деп санаймын. Әсіресе бұл сай-

БҰЛ САЙЛАУ - БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ АРТТЫРАДЫ

лауда партиялармен қатар өзін өзі ұсынғандардың да қатысатыны өте маңызды. Бұл бір жағынан бәсекелестікті арттыруымен қатар, халық та өз кандидатын таңдауына мүмкіндік болады. Әкім сайлауына кандидат болған әрбір азамат ауылдың тағдыры үшін жауапкершілікті мойнына алатынын ұмытпауы керек деп ойлаймын.

Жалпы сайлаушылар білімді, халықпен қоян-қолтық жұмыс жасай алатын, жеке басының жақсы қасиет-

тері бар жұмыс жасай алатын адамды таңдауымыз қажет.

Әрине, сайланған әкім халыққа берген барлық уәдешелерін орындауы міндетті. Ал, халық тарапынан көмекпен қолдау болуы керек.

Барша халық болып сайлаудың өз деңгейінде өтуіне атсалысуымыз керек, - деді ардагерлер ұйымының төрағасы.

Өз тілшімізден.

Қоғамдық ұйымдарда

Қарағанды облысында 7 шілдедегі жағдай бойынша ауыл әкімдерін сайлауға 260 кандидат ұсынылды. Олардың 185-і өзін-өзі ұсынған, ал 75-і саяси партиялардан.

Облыстық сайлау комиссиясының хабарлауынша, қазіргі уақытта төрт партия

Ұсыну процесінің аяқталуына екі күн қалды. Облыста бұл кезең 26 маусымда басталып, 9 шілдеде аяқталады. Содан кейін сайлау комиссиялары кандидаттарды тіркеуге кіріседі.

Естеріңізге сала кетейік, Қарағанды облысында ауыл әкімдерінің алғашқы тікелей сайлауы 25 шілдеде өтеді.

АУЫЛ ӘКІМДЕРІН САЙЛАУҒА ТӨРТ ПАРТИЯ ӨЗ КАНДИДАТТАРЫН ҰСЫНДЫ

өз мүшелерін ұсынды. Ең көп үміткерін ұсынған партия Nur Otan болды. Бұл партиядан 61 кандидат ұсынылып отыр. Қазақстанның Халық партиясы 7, "Ауыл" - 5, "Адал" - 2 адам ұсынды.

Олар 149 елді мекенде өтеді. Төрт жылдық мерзімге 75 ауыл әкімін сайлау жоспарланды.



«БҰЛ ҚАЙДАН КЕЛГЕН ӘКІМ?» ДЕГЕН СҰРАҚ ЕНДІ ҚОЙЫЛМАЙТЫН БОЛАДЫ

ҚАЗАҚСТАНДА АУЫЛ ӘКІМДЕРІН САЙЛАУ ҚАЛАЙ ӨТЕДІ

Қ. ТОҚАЕВТЫҢ БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ЕЛІМІЗДЕ АУЫЛ ӘКІМДЕРІН САЙЛАУ ӨТЕДІ

САЙЛАУ КҮНДЕРІ

40 КҮН БҰРЫН ТАҒАЙЫНДАЛАДЫ | 10 КҮН БҰРЫН ӨТКІЗІЛЕДІ | ҚАЗІРГІ ӘКІМНІҢ ӨКІЛЕТТІК МЕРЗІМІ АЯҚТАЛҒАНҒА ДЕЙІН

КАНДИДАТ ҰСЫНУ

САЙЛАУ ТАҒАЙЫНДАЛҒАН КҮННЕН КЕЙІН БАСТАЛАДЫ | САЙЛАУ КҮНІНЕ 15 КҮН ҚАЛҒАНДА ЖЕРГІЛІКТІ УАҚЫТ БОЙЫНША 18:00-ДЕ АЯҚТАЛАДЫ

КАНДИДАТТАРДЫ ҰСЫНУҒА БОЛАДЫ:

ПАРТИЯ МҮШЕЛЕРІНІҢ АРАСЫНАН | ӨЗІН-ӨЗІ ҰСЫНУ АРҚЫЛЫ

АУДАННЫҢ, ОБЛЫСТЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҚАЛАННЫҢ ӘКІМІ ТАҒАЙЫНДАУЫМЕН (ЕКІДЕН КЕМ КАНДИДАТ ҰСЫНЫЛҒАН БОЛСА)

Елімізде ауыл әкімдерін тұрғындардың тікелей сайлау мәселесі бұрыннан көтеріліп келеді. Халық бұған әбден дайын деп айтуға болады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев былтырғы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Жолдауында қоғамдық пікір сауалнамалары ауыл әкімдерінің сайлау арқылы қызметке келуіне қатысты сұраныстың артқанын көрсетіп отырғандығын, енді бұл мәселені кейінге қалдыруға болмайтынын және 2021 жылы ауыл әкімдерін тікелей сайлауды өткізуге болатындығын айтты.

Осыған байланысты сайлау туралы заңнамаға жуырда енгізілген өзгерістерге сәйкес енді ауыл, кент, аудандық маңызы бар қала және ауылдық округ әкімдерін тұрғындар тікелей сайлайтын болды. Олардың саны еліміз бойынша - 2 345. Қазақстанда халықтың 40%-дан астамы ауылдық жерде тұратынын ескерсек, бұл сайлаудың орны ерекше. Биыл өкілеттілігі аяқталатын 836 әкім сайланады. Осы әкімдерді сайлауға 1 млн. 250 мыңнан астам адам қатысады.

25 шілдеге жоспарланған жергілікті сайлау науқанының назар аударатын бірнеше қызықты жағы бар.

Біріншіден, әкімдерді сайлаудың кезең-кезеңмен өтуі. Бірінші болып өкілеттілігі аяқталатын әкімдер сайланады. Содан кейін біртіндеп өкілеттіліктері аяқталуына байланысты келер жылдарда қалғандарын халық таңдайды. Белгілі бір ауылдарда эксперимент үшін өткізілген сайлауларды есептегенде, бұл деңгейде өткізілетін алғашқы тікелей сайлау болғандықтан, кемшіліктер білінсе, оларды алдағы кезде реттеп отыруға мүмкіндік туады.

Екіншіден, ауыл әкімдігіне кандидаттарды ұсынудың жаңа тәртібі. Бұрын үміткерлерді аудан әкімі ұсынатын. Мәслихаттардың мардымсыз мәртебесін ескере отырып, бұл іс жүзінде тағайындау болғанын мойындауымыз керек. Ал енді

кандидаттарды ұсынудың бірнеше жолы бар. Талаптарға сәйкес келетін үміткерлер өзін-өзі ұсына алады немесе оларды партия ұсынады. Өзін өзі ұсынатындар қолдаушылар қолын жинауы қажет. Ал, партияларды ауылға жақындатудың қадамы - осы ауыл әкімдерінің сайлауы. Ауылдағы әкім сайлауына партиялар үміткерді алыстан емес, осы ауылдан іздейтіні анық. Бұл партиялар ауылдардағы беделді тұлғаларға арқа сүйейді деген сөз. Тіркелген партиялар ауылда тұратын 40 пайыз электоратпен қоян-қолтық жұмыс істеу мүмкіндігін қолдан шығармайды деп ойлаймын.

Аудан әкімдерінің жергілікті халықпен кеңесе отырып, үміткер ұсынуының бір-ақ жолы қалдырылды: ол сайлауда балама болмаған жағдайда.

Үшіншіден, географиялық детерминизм. Бұл - саяси үрдістерге географиялық факторлардың әсері. Оңтүстіктегі тұрғындары көп және тығыз орналасқан ауыл мен жартылай бос солтүстіктегі ауылдың жағдайы әртүрлі екенін білеміз. Еліміздегі әрбір ауылдың өзіндік ерекшеліктері бар. Ол - экономикалық дамудың түрлі деңгейі, орталыққа алыс немесе жақын орналасуы, халық құрамы, сан түрлі менталитет және т.б. көптеген фактор. Француз ғалымы Монтескье айтқан географиялық детерминизм алдымызда тұрған сайлау науқанына ықпалы болады деп айтуға болады.

Төртіншіден, сайлау бюллетеніне «Барлығына қарсымын» деген бағанның енгізілуі. Мемлекет басшысының бастамасымен енгізілген сайлау заңнамасындағы бұл өзгеріс азаматтардың сайлау құқығын кеңейтуге бағытталған. «Барлығына қарсымын» деген таңдаудың болуы әр қоғамда кездесетін наразы пікірді ескереді. Егер тұрғыншынымен лайықты үміткер жоқ деп тапса, сайлауды жоққа шығармай, өз еркін білдіруге мүмкіндігі болады. Бұл сайлаудың легитимділігін жоғарылатып, ел ішіндегі наразы көңіл

күйді бәсеңсітуге мүмкіндік береді деп ойлаймын.

Бесіншіден, жергілікті сайлауалды технологиялар. Әкім боламын деген үміткер сайлаушының назарын аударатын бағдарлама әзірлеп, мүмкіндігінше PR жасауға тырысатыны белгілі. Партиялар ұсынған кандидаттар кең көлемдегі ақпараттық қолдауға иек артатыны сөзсіз. Дегенмен де үміткерлер ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерімен бірге, жергілікті тұрғындармен тет-тет кездесулердің мүмкіндіктерін кеңінен қолданады деп ойлаймын. Халықтың таңдауына бетпе-бет кездесулердің тікелей әсері болмақ. Әрине, карантиндік талаптарды ескере отырып. Жалпы, ауыл әкімі сайлауында үміткерді халық көп жағдайда жақсы білетіндіктен, жеңіске шешуші ықпал ететін фактор - саяси жарнама емес, оның халық алдындағы беделі мен осыған дейін қол жеткізген табыстары деп болжам жасауға болады.

Әкімдерді тікелей сайлаудың артықшылықтары қандай? Бұл үрдістің бірнеше артықшылықтарын атап өтуге болады:

Біріншіден, сайланатын әкімдердің халық алдындағы жауапкершілігі артатын болады. Халық сенім білдіріп сайлағандықтан, әкім жоғарыда тұрған билік органдарына емес, енді жергілікті тұрғындарға тәуелді болады. Яғни халықтың жергілікті билікті қалыптастыруға ықпалы күшейеді. Ал әкім халықтың қолдауына ие болғандықтан, оның билігі ендігі кезекте легитимді болады. Халықтың көпшілігі дауыс беріп сайлағандықтан, «Бұл қайдан келген әкім?» деген сұрақ қойылмайтын болады. Әкімнің қызметіне бағаны сайлау арқылы тұрғындар беретіндіктен, алдағы уақытта әкімдердің қызметі жанданып, мұның өзі ауылдың жағдайын жақсартуға септігін тигізбек.

Екіншіден, тұрғындардың сайлау мәдениеті одан әрі көтеріле түседі. Халық өзі тікелей дауыс беретіндіктен, жергілікті басқару үдерісіне қатысу белсенділігі артатын болады деп ойлаймын. Біз бұған дейін ауыл әкімін мемлекеттік биліктің атқарушы тармағының өкілі деп қарастырып келсек, енді жергілікті өзін өзі басқарудың өкілі, яғни халықтың өкілі деп қарастыратын боламыз. Қазір Президент тапсырмасымен әзірленіп жатқан «2030 жылға дейінгі Жергілікті өзін өзін басқаруды дамыту тұжырымдамасының» жобасына сәйкес 2024 жылға қарай аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың әкімдерін сайлау жоспарланып отыр. Сол кезде ауыл әкімдерін сайлау тәжірибесі өте қажет болады.

Елдос ЖҰМАҒҰЛОВ,
саясаттанушы.
Egemen Qazaqstan.



Саулау-2021

АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕР МЕН КЕНТТЕР ӘКІМДЕРІНІҢ САЙЛАУЫН ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ ШЕТ АУДАНЫ БОЙЫНША УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

№734 Орталық учаскелік сайлау комиссиясы Орналасқан жері:

Ақадыр кенті, балалар және жасөспірімдер спорт мектебі, Абай даңғылы 9А

Елеубекова Қырмызы Мейрамғалиқызы - комиссия төрағасы

Қайырбаева Айман Жақсыбайқызы - төрағаның орынбасары

Белгітаева Ләззат Сейтжанқызы - комиссия хатшысы

комиссия мүшелері:

Қасымов Бауыржан Берденұлы

Қожабеков Қайролла Өкпебайұлы

Тоқбалин Жанболат Сәтенұлы

Жабаева Роза Орынбасарқызы

Маралова Гүлзира Мейрамқызы

Каюпова Райхан Қызыратайқызы

№735 Оңтүстік учаскелік сайлау комиссиясы Орналасқан жері:

Ақадыр кенті, мәдениет үйі, Тұяқов көшесі, 10 Табынбаев Мейірман Шайкәңұлы - комиссия төрағасы

Акишев Азамат Қожанәсіпұлы - төрағаның орынбасары

Арғынбаева Әйгерім Арғынбайқызы - комиссия хатшысы

комиссия мүшелері:

Усербаев Саят Усербайұлы

Қадыров Асхат Сайлаубекұлы

Мұқашева Бақытгүл Бағимқызы

Азнабаева Райля Радифовна

Қанат Жансая Ермекқызы

Хамзинов Бекболат Елдосұлы

Муханов Алмаз Берікұлы

Көшкімбаева Радана Жамантайқызы

№736 Шығыс учаскелік сайлау комиссиясы Орналасқан жері:

Ақадыр кенті, М.Мәметова атындағы жалпы орта мектеп, Баритов көшесі, 72

Отыншин Кенжебай Ханелұлы - комиссия төрағасы

Абдықадыров Қайролла Ғалымұлы - төрағаның орынбасары

Бақтыбаева Қырмызы Дауылбайқызы - комиссия хатшысы

комиссия мүшелері:

Жетпісов Мәулен Шешекбайұлы

Шашалова Гүлден Ермекқызы

Ахметбекова Ләззат Секербайқызы

Торжанова Гүлім Матышқызы

Әбеуов Манат

Есілхан Лаура Нахыпқызы

№737 Ақсарлы учаскелік сайлау комиссиясы Орналасқан жері:

Сарыши ауылы, бастауыш мектеп, Көкжалов көшесі, 1

Сүлейменова Қаламқас Ыдырысқызы - комиссия төрағасы

Амирова Жанат - төрағаның орынбасары

Иса Меруерт Серікболқызы - комиссия хатшысы

комиссия мүшелері:

Мұканова Глестен Әбділдақызы

Қойлыбаев Медеш Рысқұлұлы

№747 Батық учаскелік сайлау комиссиясы Орналасқан жері:

Батық ауылы, жалпы орта білім беру мектебі, Абай көшесі, 39

Ташенов Серік Қартайұлы - комиссия төрағасы

Малшы Съез - төрағаның орынбасары

Монхжаргал Жадыра - комиссия хатшысы

комиссия мүшелері:

Әлімханова Ләззат Ахатайқызы

Байтаза Әлидолда

№752 Дәрия учаскелік сайлау комиссиясы Орналасқан жері:

Дәрия кенті, жалпы орта білім беру мектебі, Жамбыл көшесі, 22

Ақшалова Бағдат Қасенқызы - комиссия төрағасы

Рахметова Ләззат Әбдіқадырқызы - төрағаның орынбасары

Күзембаева Гүлмира Елшиққызы - комиссия хатшысы

комиссия мүшелері:

Әлімқұл Бейбіт Садықбекұлы

Бейсембаев Нұрқанат Төлеутайұлы

№ 754 Жамбыл учаскелік сайлау комиссиясы Орналасқан жері:

Жамбыл кенті, әкімдік ғимараты, Кеншілер көшесі, 2

Омарова Молдир Меркенқызы - комиссия төрағасы

Қағанақов Қалижан Алпысбайұлы - төрағаның орынбасары

Мақажанов Жасұлан Рысқалиұлы - комиссия хатшысы

комиссия мүшелері:

Накипжанов Оразбай Армеевич

Құнақбаев Фаниль Талипұлы

№755 Кеншоқы учаскелік сайлау комиссиясы Орналасқан жері:

Нұра ауылы, жалпы орта білім беру мектебі, С.Мұқанов көшесі, 19

Дәрібаев Өмірсерік Арғынұлы - комиссия төрағасы

Сейтжан Қайыр Қабыкәңұлы - төрағаның орынбасары

Утеулина Ғалия Сапарбекқызы - комиссия хатшысы

комиссия мүшелері:

Нұржаубай Қанатбай Балмағанбетұлы

Стамбекова Гүлжазира Жұмабекқызы

№761 Красная Поляна учаскелік сайлау комиссиясы Орналасқан жері:

Красная Поляна ауылы, мәдениет үйі, Байқоңыр көшесі, 12

Сейілбекова Нәзия Ескендірқызы - комиссия төрағасы

Алдажарова Сандугаш Кошербайқызы - төрағаның орынбасары

Назарбеков Бауыржан Егинбайұлы - комиссия хатшысы

комиссия мүшелері:

Амалбаева Жазира Қапасқызы

Уланова Елена Сергеевна

№762 Бекет учаскелік сайлау комиссиясы Орналасқан жері:

Бекет ауылы, негізгі орта мектеп, Бәйтерек көшесі, 12

Укенов Аманжан Тұрарұлы - комиссия төрағасы

Асылбекова Айгүл Төлеужанқызы - төрағаның орынбасары

Алтығаринова Ардақ Есенгелдіқызы - комиссия хатшысы

комиссия мүшелері:

Омарбеков Әнуар Зейнуллақызы

Машкович Александр Викторович

№763 Дербісалы учаскелік сайлау комиссиясы Орналасқан жері:

Дербісалы ауылы, шаруа қожалығының ғимараты, Бірлік көшесі, 4

Алтығарин Қайрат Балмағамбетұлы - комиссия төрағасы

Деменков Иван Васильевич - төрағаның орынбасары

Дряхлова Анна Павловна - комиссия хатшысы

комиссия мүшелері:

Бурмистрова Татьяна Анатольевна

Алтығаринов Абай Балмағамбетұлы

№764 Қарамұрын учаскелік сайлау комиссиясы Орналасқан жері:

Қарамұрын станциясы, бастауыш мектеп, Бейбітшілік көшесі, 1

Қасымова Айжан Қайыржанқызы - комиссия төрағасы

Акишева Гүлнара Мұсақызы - төрағаның орынбасары

Маненов Қайрат Қазыбекұлы - комиссия хатшысы

комиссия мүшелері:

Салиқбаев Бауыржан Серікбайұлы

Муқушева Гүлдана Маратқызы

№765 Қызылтау учаскелік сайлау комиссиясы Орналасқан жері:

Қызылтау ауылы, бастауыш мектеп ғимараты, К.Мынбаев көшесі, 3

Бердібекова Ботажан Серікбайқызы - комиссия төрағасы

Ахметова Қарашаш Мұхамеджанқызы - төрағаның орынбасары

Мадин Нұрдаулет Боранбайұлы - комиссия хатшысы

комиссия мүшелері:

Уазибекова Алтынай Шульбайқызы

Сейтімов Ибраим Бақытжанұлы

№773 Өспен учаскелік сайлау комиссиясы Орналасқан жері:

Өспен ауылы, жалпы орта білім беру мектебі, Қ.Сатпаев көшесі, 1

Тажентаев Ермек Амантайұлы - комиссия төрағасы

Алтайбаева Жұмакүл - төрағаның орынбасары

Құдабаева Гаухар Ильясқызы - комиссия хатшысы

комиссия мүшелері:

Түсіпов Кубайда Турбекұлы

Балғабекова Бекзат Хамитқызы

№774 Айғыржал учаскелік сайлау комиссиясы Орналасқан жері:

Айғыржал ауылы, М.Жапаков атындағы негізгі орта мектеп, Мамыр көшесі, 10

Абсадықов Абылай Серікұлы - комиссия төрағасы

Шахмағанбетова Раушан Бахикқызы - төрағаның орынбасары

Маясаров Боранбай Абдықұлұлы - комиссия хатшысы

комиссия мүшелері:

Жаймин Жансерік Жұмабекұлы

Бейсенбай Мұхаммед Берікболұлы

№775 Еркіндік учаскелік сайлау комиссиясы Орналасқан жері:

Еркіндік ауылы, жалпы орта білім беру мектебі, Мектеп көшесі, 1

Жұмашева Манап Жахашиңқызы - комиссия төрағасы

Шарипов Мұхит Мақсұтұлы - төрағаның орынбасары

Абдрахманова Эльмира Кабдуллақызы - комиссия хатшысы

комиссия мүшелері:

Боқаев Болат Сағымбекұлы

Жаманадин Марғұлан Айкешұлы

№784 Үңірек учаскелік сайлау комиссиясы Орналасқан жері:

Үңірек ауылы, мәдениет үйі, Үңірек көшесі, 8

Төлеутай Жанагүл Ұзақбайқызы - комиссия төрағасы

Мұхаділова Марина Балтабайқызы - төрағаның орынбасары

Базылова Қуанышқұл Еркенқызы - комиссия хатшысы

комиссия мүшелері:

Ақбар Айкүміс Нұрланқызы

Қалит Оразбай Әшімұлы

№786 Қармыс учаскелік сайлау комиссиясы Орналасқан жері:

Қармыс ауылы, бастауыш мектеп, Тесік тас көшесі, 6

Ускенбаева Даржан Қалиқызы - комиссия төрағасы

Ұзақбаева Алмаш Серікбайқызы - төрағаның орынбасары

Бакеева Арайлым Кайроллақызы - комиссия хатшысы

комиссия мүшелері:

Рахижанов Базарқұл Серікұлы

Сәттібек Нұржол Мейрашұлы

№787 Тұмсық учаскелік сайлау комиссиясы Орналасқан жері:

Тұмсық ауылы, бастауыш мектеп, Ұста көшесі, 12

Ахметбеков Кәрібай Мәуленұлы - комиссия төрағасы

Даткина Ақжарқын Кенжебайқызы - төрағаның орынбасары

Адамбаева Сайран Құсайынқызы - комиссия хатшысы

комиссия мүшелері:

Осанов Марғұлан Бауыржанұлы

Төлеубекова Мадина Тілеубайқызы



АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕР МЕН КЕНТТЕР ӘКІМДЕРІНІҢ САЙЛАУЫН ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ ШЕТ АУДАНЫ БОЙЫНША САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫ

№734 сайлау учаскесі

Орталығы: Ақадыр кенті, балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі.

Шекарасы: Ақжол көшесі №1, 1а, 2, 3, 3а, 6, 9, 11, 13, 18, 22, 26, 33, 34, 39, 42, 43, 48, 48а үйлері, Нұрлы жол көшесі №1, 2, 4, 5, 7, 9, 10, 10а, 12, 13, 14, 16, 18, 20, 24, 25, 26, 38, 44 үйлері, Бірлік көшесі №9, 10, 14, 20, 22, 28, 29, 30, 31, 36, 37, 39, 40 үйлері, Жеңіс көшесі №5, 6, 9, 10, 10а, 12, 13, 19, 25, 30 үйлері, Желтоқсан көшесі №1 бастап №51 дейінгі үйлер, Ержан би көшесі №1 бастап №49 дейінгі үйлер, Қ.Рысқұлбеков көшесі №6, 6а, 11, 13, 17, 21, 23, 25, 29, 30, 30а, 38, 52, 53, 59 үйлері, А.Байтұрсынов көшесі №6, 13, 24 үйлері, Балауса көшесі №8, 9, 19 үйлері, С.Сейфуллин көшесі №1 бастап 38 дейінгі үйлер және №44 үй, Панфилов көшесі №10, 11, 14, 16, 32, 33 үйлері, Ә.Молдағұлова көшесі №1, 1а, 2, 5, 7, 8, 9, 10, 12, 14, 18, 19, 20, 22, 24 үйлері, Бейбітшілік көшесі №4, 10, 20, 26, 27, 28, 29, 31а, 32, 34, 37, 38, 39, 40, 41, 41а, 42, 44, 46, 48, 50, 52, 54, 56 үйлері, Матросов көшесі №1 бастап №48 дейінгі үйлер және №64 үй, Күшікбай батыр көшесі №1, 4, 13, 15, 16, 16а, 16б, 18, 20, 22, 24, 24а, 26, 28, 28а, 30, 31, 32, 34, 36, 38, 40, 41, 42, 45, 47, 53, 55, 59, 61, 63, 65, 69, 71, 73 үйлері, Аманат көшесі №1, 2, 3, 4, 6 үйлері, Абай даңғылы №1 бастап №37 дейінгі үйлер, Тағылы көшесі №10 үй, Разъезд 906 км көшесі №8 үй, А.Абраймов көшесі №1 бастап №9 дейінгі үйлер, Мұхамеджанов көшесі №1, 2, 3, 5, 7, 9, 11, 12, 13, 15, 17, 19, 25, 27, 29, 62, 63, 64, 66 үйлері, Бедров көшесі №1 бастап №13 дейінгі үйлер және №19а үй, Т.Әубәкіров көшесі №1 бастап №16 дейінгі үйлер және №21 үй, Қыздарбеков көшесі №1 бастап №29 дейінгі үйлер.

№735 сайлау учаскесі

Орталығы: Ақадыр кенті, мәдениет үйі.

Шекарасы: Экспедиционная көшесі №1 бастап №18 дейінгі үйлер, Сәтпаев көшесі №2, 4, 6, 8, 10, 12, 14, 16, 23, Колбасин көшесі №1 бастап №13 дейінгі үйлер, Есімғалиев көшесі №1, 2, 4, 6, 7, 8, 10, 12, 14, 16 үйлері, Геологов көшесі №1 бастап №16 дейінгі үйлер, Ағыбай батыр көшесі №1 бастап №20 дейінгі үйлер, Тәуелсіз Қазақстан көшесі №1, 3, 8а, 9, 18, 18а үйлері, Байғозы батыр көшесі №1 бастап №14 дейінгі үйлер, Ықшам аудан көшесі №1 бастап №22 дейінгі үйлер, Сәкен көшесі №1 бастап №24 дейінгі үйлер, Жамбыл көшесі №2, 3, 4, 6, 8, 10, 12, 14, 16, 18, 20 үйлері, Құрманғазы көшесі №2, 3, 4, 8, 9, 10, 11, 16 үйлері, Абай даңғылы №46, 48, 50, 50а, 52, 52а, 52б, 53, 54а, 54б, 57, 58 үйлері, Тұяқов көшесі №1, 2, 5, 7, 9, 11, 13, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 32, 33, 35, 35а, 37, 39, 41, 43 үйлері, Смағұлов көшесі №1, 1а, 3а, 4, 6, 7, 9, 10, 11, 11а, 12, 13, 14, 15, 15а, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23 үйлері, Уәлиханов көшесі №1 бастап №12 дейінгі үйлер, Жарылғап батыр көшесі №1 бастап №47 дейінгі үйлер, Баस्ताу көшесі №1, 2, 3, 10, 13, 16 үйлер, Ынтымақ көшесі №1, 2, 2б, 3, 5, 8, 10, 12 үйлері, Абай көшесі №1 үйден бастап №29 дейінгі үйлер, Жібек жолы көшесі №1 бастап №8 дейінгі үйлер және №21 үй, Ардагерлер көшесі №1 бастап №11 дейінгі үйлер.

№736 сайлау учаскесі

Орталығы: Ақадыр кенті, М.Мәметова атындағы орта мектеп.

Шекарасы: Сарыарқа көшесі №1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12а, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 30, 30а үйлері, Болашақ көшесі №1, 1а, 3, 5, 7, 11, 17, 26, 29, 33, 37, 41, 41а үйлері, Ақтасы көшесі №1, 1а, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 10, 11 үйлері, Алаш көшесі №1, 2, 2а, 3, 4, 8, 9, 12, 13, 14а, 15, 18, 21, 29, 31, 33, үйлері, Достық көшесі №1, 2, 3, 4, 5 үйлері, О.Беков көшесі №1, 1а, 2, 3, 3а, 4, 4а, 5, 5а, 5б, 7, 7а, 8, 9, 10, 10а, 12, 13, 15, 17, 18, 24, 26, 27, 28, 32, 33, 37, 39, 41, 43, 45, 47, 48 үйлері, К.Оспанов көшесі №1, 1а, 2, 2а, 2б, 3, 3а, 4, 4а, 6, 6а, 7, 9, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 18а, 20, 22, 24, 25, 26, 27, 28, 28а, 30, 35, 38, 40, 42, 43, 45, 47, 48, 49, 51, 53, 57 үйлері, Мәдиев көшесі №1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 үйлері, Ақшатау көшесі №1, 2, 3, 5, 7, 9, 11, 13, 14, 16, 19 үйлері, Баритов көшесі №1, 1а, 1б, 6, 9, 11, 12, 13, 14, 15, 17, 19, 21, 23, 25, 27, 29, 31, 35, 36, 37, 50, 54, 56, 60, 68, 70, 71, 72 үйлері, Сарысу көшесі №1, 8, 24, 30, 38, 40, 46, 47 үйлері, М.Мәметова көшесі №1, 2, 2а, 3, 4, 5, 6, 8, 10, 17, 24, 26, 29, 30, 31, 33, 34 үйлері, Жұмысшы көшесі №2, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 14, 17, 19, 21, 22, 23, 28, 28а, 30, 31, 32, 33, 34, 36, 38, 42 үйлері, Теміржолшылар көшесі №1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8 үйлері, С.Оразаев көшесі №1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 17, 18, 20, 19, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30 үйлері, Ырыс көшесі №4а, 6, 7, 8, 17 үйлері, Азаттық көшесі №1, 2, 3, 4а, 5, 6, 7, 8, 9, 9а, 10, 11, 13, 14, 15, 16, 18, 19, 20, 21, 22, 23 үйлері, Айыртау көшесі №1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 13 үйлері, Сельхозтехника көшесі №1 бастап №6 дейінгі үйлер.

№737 сайлау учаскесі

Орталығы: Сарыши ауылы, бастауыш мектеп.

Шекарасы: Станционная көшесі №1 бастап №15 дейінгі үйлер, Вокзальная көшесі №1 бастап №12 дейінгі үйлер.

№747 сайлау учаскесі

Орталығы: Батық ауылы, орта мектеп.

Шекарасы: Абай көшесі №1 бастап №9 дейінгі үйлер және №53 үй, Батық көшесі №1 бастап №90 дейінгі үйлер және №177 үй, Жам-

был көшесі №1 бастап №33 дейінгі үйлер және №53, 64 үйлер, Жезқазған көшесі №1 бастап №17 дейінгі үйлер және №176 үй, Майлин көшесі №1 бастап №4 дейінгі және №53, 55, 56, 57, 61, 61а үйлер, Сейфуллин көшесі №1 бастап №9 дейінгі, №40 бастап №55 дейінгі үйлер және №112 үй.

№752 сайлау учаскесі

Орталығы: Дәрия кенті, мәдениет үйі.

Шекарасы: Абай көшесі №1 бастап №36 дейінгі үйлер, Әуезов көшесі №1 бастап №14 дейінгі үйлер және №20 үй, Жамбыл көшесі №1 бастап №37 дейінгі үйлер, Желтоқсан көшесі №1 бастап №20 дейінгі үйлер және №31 үй, Бұғылы көшесі №1 бастап №22 дейінгі үйлер, М.Мәметова көшесі №1 бастап №18 дейінгі үйлер және №24, 26 үйлер, Ә.Молдағұлова көшесі №1 бастап №20, 20а дейінгі үйлер, Б.Момышұлы көшесі №1 бастап №20 дейінгі үйлер және №27, 36 үйлер, С.Сейфуллин көшесі №1 бастап №19 дейінгі үйлер.

№754 сайлау учаскесі

Орталығы: Жамбыл кенті, өкімшілік ғимараты.

Шекарасы: Дорожная көшесі №1 бастап №10 дейінгі үйлер, Рудничная көшесі №1 бастап №4 дейінгі үйлер, Советская көшесі №1 үй, Труда көшесі №1 үй, Фабричная көшесі №1 үй, Школьная көшесі №1 үй, Горняков көшесі №1 бастап №4 дейінгі үйлер.

№755 сайлау учаскесі

Орталығы: Нұра ауылы, мәдениет үйі.

Шекарасы: Н.Әбдіров көшесі №1 бастап №11 дейінгі және №52, №53, №56, №59, №61, №63, №65, №67, №69, №73, №74, №90 үйлер, Шабанбай би көшесі №1 бастап №33 дейінгі және №81 бастап №129 дейінгі үйлер және №138, №149, №157, №172, №200 үйлер, Сейфуллин көшесі №1 бастап №12 дейінгі және №41 бастап №59 дейінгі үйлер, Мұқанов көшесі №1 бастап №8 дейінгі және №18 бастап №36 дейінгі үйлер және №121, №122, №142 үйлер, Абай көшесі №1 бастап №34 дейінгі және №45, №61, №62, №63, №67, №73, №100, №101, №116, №118, №120, №123, №138, №149, №199 үйлер, Н.Байсейітұлы көшесі №1 бастап №93 дейінгі және №116а, №117, №118, №124а үйлер.

№761 сайлау учаскесі

Орталығы: Красная Поляна ауылы, мәдениет үйі.

Шекарасы: Бірлік көшесі №1 бастап №15 дейінгі үйлер, Дворука көшесі №1 бастап №18 дейінгі үйлер және №126 үй, Сарыарқа көшесі №1 бастап №12 дейінгі үйлер, Қарамұрын көшесі №1 бастап №29 дейінгі және №39, №70, №72 үйлер, Комарова көшесі №1 бастап №35 дейінгі және №42, №52, №141 үйлер, Байқоңыр көшесі №1 бастап №19 дейінгі үйлер, Нұра көшесі №1 бастап №23 дейінгі үйлер және №31 үй

№762 сайлау учаскесі

Орталығы: Бекет ауылы, негізгі мектеп.

Шекарасы: Бәйтерек көшесі №1 бастап №18 дейінгі үйлер және №77 үй, Жеңіс көшесі №1 бастап №14 дейінгі және №30 бастап №69 дейінгі үйлер, Наурыз көшесі №1 бастап №15 дейінгі және №53 бастап №77 дейінгі үйлер.

№763 сайлау учаскесі

Орталығы: Дербісалы ауылы, шаруа қожалығының ғимараты.

Шекарасы: Бірлік көшесі №1 бастап №24 дейінгі үйлер, Нұра көшесі №2 бастап №28 дейінгі үйлер.

№764 сайлау учаскесі

Орталығы: Қарамұрын ауылы, кітапхана.

Шекарасы: Бейбітшілік көшесі №1 бастап №44 дейінгі үйлер, Достық көшесі №1 бастап №4 дейінгі және №47 бастап №80 дейінгі үйлер.

№765 сайлау учаскесі

Орталығы: Қызылтау ауылы, Байғозы батыр атындағы бастауыш мектеп.

Шекарасы: Қазанның 60 жылдығы көшесі №1 бастап №11 дейінгі үйлер, Гагарин көшесі №1 бастап №5 дейінгі және №7, 9, 15, 20, 21, 22 үйлер, Интернациональная көшесі №1 бастап №4 дейінгі үйлер, К.Мыңбаев көшесі №1 бастап №27 дейінгі үйлер, Комсомольская көшесі №1 үй, С.Сейфуллин көшесі №1 бастап №17 дейінгі үйлер және №30 үй, Бірлік көшесі №1 бастап №5 дейінгі үйлер.

№773 сайлау учаскесі

Орталығы: Өспен ауылы, мәдениет үйі.

Шекарасы: Достық көшесі №1 бастап №17 дейінгі үйлер, Кеншілер көшесі №1 бастап №9 дейінгі үйлер, Қ.Сәтбаев көшесі №1 бастап №31 дейінгі үйлер, Центральная көшесі №1 бастап №31 дейінгі үйлер, Әулиетас көшесі №1 бастап №21 дейінгі үйлер, Теміржол көшесі №1 бастап №38 дейінгі үйлер.

№774 сайлау учаскесі

Орталығы: Айғыржал ауылы, М.Жапақов атындағы негізгі мектеп.

Шекарасы: Мамыр көшесі №1 бастап №41 дейінгі үйлер.

№775 сайлау учаскесі

Орталығы: Еркіндік ауылы, негізгі жалпы білім беру мектебі.

Шекарасы: Мектеп көшесі №1 бастап №30 дейінгі және №36, 43, 52, 69, 80, 81 үйлер, Қаражартас көшесі №1 бастап №152 дейінгі үйлер және №180 үй, Теміржолшылар көшесі №1 бастап №80 дейінгі, №83, 84, 85, 110, 125, 131, 207 және №180 бастап №191 дейінгі үйлер.

№784 сайлау учаскесі

Орталығы: Үңірек ауылы, мәдениет үйі.

Шекарасы: Үңірек көшесі №1 бастап №29 дейінгі үйлер және №144, 178 үйлер, Тағылы көшесі №1 бастап №9 дейінгі үйлер және №19, 201 үйлер, Сарыарқа көшесі №1 бастап №22 дейінгі үйлер және №193 үй, Бұғылы көшесі №1 бастап №18 дейінгі үйлер және

№194 үй, Бейбітшілік көшесі №1 бастап №14 дейінгі үйлер және №19 үй, Құттыбай ауылы Бесағаш көшесі №1 бастап №16 дейінгі үйлер және №19 үй.

№786 сайлау учаскесі

Орталығы: Кармыс ауылы, бастауыш мектеп.

Шекарасы: Тесік-Тас көшесі №1 бастап №55 дейінгі үйлер.

№787 сайлау учаскесі

Орталығы: Тұмсық ауылы, бастауыш мектеп.

Шекарасы: Ұста көшесі №1 бастап №37 дейінгі үйлер.

ШЕТ АУДАНДЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ

Шет ауданының Ақадыр, Дәрия, Жамбыл кенттері мен Батық, К.Мыңбаев, Красная поляна, Кеншоқы, Шет, Өспен ауылдық округтері әкіміне кандидаттарды тіркеу туралы ХАБАРЛАМАСЫ

Шет аудандық сайлау комиссиясы "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 113-1-бабына сәйкес 2021 жылдың 25 шілдесіне тағайындалған Шет ауданының Ақадыр, Дәрия, Жамбыл кенттері мен Батық, К.Мыңбаев, Красная поляна, Кеншоқы, Өспен Шет, ауылдық округтері әкіміне 2021 жылдың 8 шілдесіне 17 кандидаттың тіркелгендігін хабарлайды.

Ақадыр кенті:

- Әбілдин Азамат Азатұлы - 1977 жылы туған, Шет ауданы әкімінің орынбасары, Шет ауданының Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны, «Nur Otan» партиясының ұсынуымен.

Дәрия кенті:

- Базылов Тілеухор Әлімқұлұлы - 1985 жылы туған, басшы, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» МЕ АҚ Қарағанды облысы бойынша Халыққа қызмет көрсету жөніндегі Шет аудандық №1 бөлімі, Шет ауданының Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны, «Nur Otan» партиясының ұсынуымен;

- Қабас Рауан Серікұлы - 1978 жылы туған, несие маманы, ЖШС «Шеткөмек» несие серіктестігі, Шет ауданының Ақсу-Аюлы ауылы тұрғыны, өзін-өзі ұсынуымен.

Жамбыл кенті:

- Абсадилов Дәурен Темиргалиұлы - 1980 жылы туған, бас маман, «Жамбыл кенті әкімі аппараты» ММ, Қаражал қаласының тұрғыны, өзін-өзі ұсынуымен.

- Әбенев Жандос Хамитжанұлы - 1981 жылы туған, уақытша жұмыссыз, Қаражал қаласының тұрғыны, өзін-өзі ұсынуымен.

- Мыңжанов Қару Сүлейменұлы - 1962 жылы туған, өкім, «Жамбыл кенті әкімі аппараты» ММ, Қаражал қаласының тұрғыны, «Nur Otan» партиясының ұсынуымен.

К.Мыңбаев атындағы ауылдық округ:

- Мұстафин Сержан Шайхыұлы - 1978 жылы туған, басшы, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» МЕ АҚ Қарағанды облысы бойынша Халыққа қызмет көрсету жөніндегі Шет аудандық №2 бөлімі, Шет ауданының Ақадыр кентінің тұрғыны, «Nur Otan» партиясының ұсынуымен;

- Сайлаубай Еламан Әмірбайұлы - 1995 жылы туған, бас маман, Шет ауданы «Ақадыр кенті әкімі аппараты» ММ, Шет ауданының Ақадыр кентінің тұрғыны, «Nur Otan» партиясының ұсынуымен;

- Тогтаубай Перизат - 1990 жылы туған, бас маман, К.Мыңбаев атындағы ауылдық округі әкімі аппараты, Шет ауданының Қызылтау ауылының тұрғыны, өзін-өзі ұсынуымен.

Өспен ауылдық округі:

- Жәкенов Абзал Төлеуұлы - 1980 жылы туған, бас маман, «С.Сейфуллин кенті әкімі аппараты» ММ, Шет ауданының С.Сейфуллин кентінің тұрғыны, өзін-өзі ұсынуымен;

- Нұрмұхамбетұлы Мақсат - 1989 жылы туған, бас маман, «Өспен ауылдық округі әкімі аппараты» ММ, Шет ауданының Өспен ауылының тұрғыны, «Nur Otan» партиясының ұсынуымен.

Кеншоқы ауылдық округі:

- Қанатов Бекзат - 1980 жылы туған, бас маман, «Ақсу-Аюлы ауылдық округі әкімі аппараты» ММ, Шет ауданының Ақсу-Аюлы ауылы тұрғыны, өзін-өзі ұсынуымен;

- Омаров Әмірбек Сұлтанұлы - 1979 жылы туған, басшы, Ақсу-Аюлы атыраптық почта байланыс бөлімі, Шет ауданының Ақсу-Аюлы ауылы тұрғыны, өзін-өзі ұсынуымен;

- Смаилов Дархан Бекдарұлы - 1979 жылы туған, басшы, Шет ауданының тұрғынүй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары тұрғын үй инспекциясы бөлімі, Шет ауданының Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны, «Nur Otan» партиясының ұсынуымен.

Красная поляна ауылдық округі:

- Шайжанов Жайдар Абдуллаұлы - 1992 жылы туған, ұйымдастыру бөлімінің басшысы, Шет ауданы әкімінің аппараты, Шет ауданының Ақсу-Аюлы ауылы тұрғыны, «Nur Otan» партиясының ұсынуымен.

Шет ауылдық округі:

- Қуанышбаев Танат Саматұлы - 1992 жылы туған, әлеуметтік қызметкер, Шет ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, Шет ауданының С.Сейфуллин кентінің тұрғыны, өзін-өзі ұсынуымен;

- Танатбай Бектас Мұхамбетбекұлы - 1981 жылы туған, бас маман, «Шет ауылдық округі әкімі аппараты» ММ, Шет ауданының Үңірек ауылы тұрғыны, өзін-өзі ұсынуымен.

Аудандық сайлау комиссиясы.

Иманы кемел ел мықты

МҰСЫЛМАНДАРДЫҢ ӨЗГЕ ДІН ӨКІЛДЕРІМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

Исламда өзге дін өкілдерімен жасалатын қарым-қатынастың қағидаттары шариғаттың негізгі қайнар көздері - Құран мен сүннетте бекітілген. Дәстүрлі дініміз кез келген дін өкіліне құрметпен қарауды, адамдарды нәсіліне, ұлтына, дініне байланысты бөлмеуді насихаттайды.

Тарихқа көз жүгіртетін болсақ, VII ғасырдан бастап Ислам діні өзінің географиялық орналасу аймағына сәйкес, сол елді мекен аумағында қоныстанған көрші иудейлермен, христиандармен, отқа табынушылармен және басқа да діни сенімдегі адамдармен бейбіт қарым-қатынас орнатқан.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) исламды қабылдаған мұсылмандармен бірге 622 жылы Мекке қаласынан Мәдина қаласына хижрет жасаған, яғни қоныс аударған болатын. Мәдина қаласына қоныстанған соң Пайғамбарымыз (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) қаладағы өзге дін өкілдерімен «Мәдина» келісімшартын жасады.

Сонау VII ғасырда жасалған бұл келісімшарт-исламдағы төзімділік пен бейбітшілікті, исламның адам құқығына деген құрметі мен диалог

мәдениетін, өзге дін өкілдеріне көзқарасын, сондай-ақ, сенім бостандығы мен ар-ождан еркіндігін қамтыған алғашқы қағидаттар жинақталған құжат.

Өз заманында Пайғамбарымыз (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) өзге дін өкілдеріне мейірімділікпен, қамқорлықпен қарай отырып, олардың құқығын мұсылмандардың құқығымен тең дәрежеде ұстады. Ғибадатханаларын қиратпауды, діндарларды өлтірмеуді, оларға қол жұмсамауды, алым-салық алмауды, мал-мүлкіне қол сұқпауды өсиет еткен.

Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) тәлімін алған ізбасарлары да мұсылмандардың қол-астына кірген елдерде осы ұстаныммен билік жүргізді. Сонымен қатар, «Кім адамды (мұсылмандармен бірге өмір сүретін өзге дін адамын) өлтірсе, ол жәннаттың иесі де иіскемейді. Әрине, жәннат иесі жетпіс жылдық қашықтықтан келіп тұрады» деп ескерткен. Осы хадиске назар аударсақ, дінімізде өзге дін өкілдеріне үлкен құрмет көрсететінін анық көруге болады.

Ислам кез келген дін өкіліне құрметпен қарайды. Ешкімді дініне, ұлтына, нәсіліне және жынысына

немесе материалдық жағдайына қарап бөлмейді. Адамға рухани құндылығы тұрғысынан баға береді.

Жалпы ислам діні көркем мінез-құлықтан тұрады. Көркем мінездің де түрі өте көп. Олардың қатарына кешірімділік, жомарттылық, шыншылдық, аманатқа беріктік, қарапайымдылық, сыпайылық, сабырлық, ұяттылық жатады. Күнделікті өмірде адамдардың арасында кездесетін барлық қарым-қатынас, іс-қимыл, әрекет, сауда-саттық кезінде жақсылық жасаудың кез келген жолы, тіпті адамға жылы шыраймен қараудың өзі көркем мінез саналады.

Өзінің шыншылдығымен, әділдігімен қара қылды қажарған тұлға Хаттабтың ұлы Омардың оқиғаларын мысалға келтіре кетсек:

Ислам діні жан-жаққа тарап, аумағы кеңейіп, көптеген жерлер ислам дінінің билігіне қараған болатын. Сол жылдары өзге ұлттар мен өзге дінді ұстанушылардың ешбіріне мұсылмандар тарапынан қысым жасалмай, тұрғындар еркін өмір сүрген еді.

Ислам діні христиандар көбірек шоғырланған Палестина аймағына

да жетіп, сол жерде тарағаннан кейін, екінші халифа Омар 637 жылы оның тұрғындарымен бейбіт қарым-қатынасты сақтау мақсатында былайша келісім шарт жасайды:

«Бұл Алланың құлы, мұсылмандардың әміршісі Хаттабұлы Омардың Илия халқына берген қауіпсіздік қағазы: «Олардың жандарына, малдарына, шіркеулеріне, крестеріне, дені саулары мен сырқаттарына және қалған ұлтына амандық берілді. Шіркеулерін ешкім тұрғын үйге айналдырмайды, оларды ешкім бұзбайды, олардың ішкі және сыртқы қор мүліктерінен еш нәрсе кемітілмейді, олардың малдарына ешкім қол сұқпайды. Мұндағылардың дініне зорлық жасалмайды», - деп Палестина халқының қауіпсіздігіне кепілдік берген болатын.

Сондай-ақ, бірде Омар халифа кезінде көшеден қайыр сұрап отырған көрі кісіні көреді де, оған жақындап: «Сен қай дін иесісің?» - деп сұрайды. Сонда әлгі ақсақал: «Мен яһудимін», - деп жауап береді, сол кезде халифа Омар одан не себепті осылай отырғандығын сұрайды. «Себебі мен мұқтажбын, жұмысқа жарамайтын көрі адаммын ғой», - деп жауап береді.

Сол кезде Омар оны мемлекет қазынасынан қажетін өтейтіндей қаржы берді де, оның мойнынан өзге дін өкілдері мұсылман елінде

тұрғаны үшін беретін салықты алып тастайды. Міне, бұл әділдіктің ең шыны!

Қазіргі уақытта басым бөлігін мұсылмандар қамтитын елдердегі христиан дін өкілдері ешбір қысым көрместен, мұсылмандармен бейбіт қарым-қатынаста араласып, ымыраластықта өмір сүреді. Жоғарыда келтірілген оқиғалар шынайы ислам діні өзге дін өкілдерімен қандай дәрежеде жақын болғандығын көрсетеді.

Ал өзін мұсылманмын деп есептейтін адамды бес уақыт намаз оқымағаны үшін ғана кәпір деп айыптап, мал-мүлкін өзіне адал қылған жат діни ағым ұстанушыларының әрекеті ислам дінімен еш байланыспайды.

Адами құндылықтары жоғалған және өздерін ғана ақиқатты ұстанушылар ретінде есептейтін олар нағыз исламның өзге діни өкілі болса да адам өміріне құрметпен қарайтын билімісі анық.

Сол себепті бір шаңырақ астында бейбітшілікте өмір сүру адамға берген ең үлкен құндылық деп қабылдау керек.

Ауданның ішкі саясат бөлімі.

Еске алу

Атамыз **ЖҮНІСБЕКҰЛЫ Иген**, әжеміз **ЕГЕНҚЫЗЫ Майсаның** қайтыс болғанына 30 жыл.



Иген ата құрмет тұтар ерек жан, Бейсен әулетінің ар-намысын қорғаған. Жасы үлкендер бәрі керемет десек те, Дәл Игендей жомарт жүректі болмаған.

Майса ана кең пейілді өте ардақты, Алды-артын ақылмен шешер жан-жақты. Көп балалы батыр ана атанып, Алтын жұлдыз орден тақты асылымен.

ИГЕН баласы Құрыштың қайтыс болғанына 15 жыл, **ТӘЖІБАЙ баласы Айдостың** қайтыс болғанына 2 жыл.



Құрыш туды көп баланың бірі боп, Еркелік ерек беріліп еді оған тек. Қанша жылдар өтседе ағы ұмытылмайды көңілден, Ғасырларда сен біргесің, туғаныңмен, еліңмен.

Қызық көрмей өмірден, қайда асықтың, Дәмін татуың керек еді бақыттың. Ей, әлеумет, өттең тірі жүре тұрмады ғой, Өйтпегенде, Айдостың кім екенін көрер едіңіз.

Марқұмдарды еске алу асы шілденің 18 жұлдызында 11.00 ден бастап Ақадыр кенті мешіті асханасында беріледі. Асқа туған-туыс, жора-жолдастарын, құда-жекжат, көрші-қолаңдарын шақырамыз.

Еске алушылар: **Құрыш қызы - Динара Тәжібай балалары, немерелері, жиендері.**

Еске алу



Шет ауданының тұрғыны асқар таудай ағамыз, әулетіміздің ақылшы кешесісі болған **ЫБЫРАЕВ Марғұлан Айткенұлының** бұл өмірден озғанына 1 жыл толып отыр. Өмір шіркін қамшының сабындай-ақ қой. Ыбыраев Марғұлан Айткенұлы 1962 жылы туған. Қарқаралы ауданында дүниеге келген. 1979 жылы Шет ауданындағы ЫАлтынсарин мектебін бітіріп 1980 жылы Целиноград ауылшаруашылық институтын 1985 жылы тәмамдап, аудандағы Орджоникидзе атындағы кеңсешарында механик болып еңбек жолын бастады.

1987-1998 аралығында Шет ауданындағы техникумда дәріс берді.

1998 жылы Шет аудандық ішкі істер бөлімінен ұсыныс түсіп, осы мекемеге қызметке кірді. Небәрі 9 жылдың ішінде ішкі істер бөлімінің бастығының орынбасары лауазымына дейін көтерілді, подполковник шенін тақты. 2010 жылы денсаулығына байланысты зейнетке шықты. Алайда ол 2015 жылы қайтадан мемлекеттік қызметке оралды. Қарағанды облысының ауылшаруашылық басқармасына бас маман ретінде қызметке орналасы. Өмірінің соңына дейін осы мекемеде қызмет атқарып, жұмыс бабымен іс-сапарға Ұлытау ауданына бара жатқан жерінен жол апатына түсіп, ойламаған жерден 18.07.2020 жылы көз жұмды. Ағамыздың жарқын бейнесі мәңгілік жүрегімізде сақталады.

Жыл толды үлкен жүрек тоқтағалы, Жыл толды бір өзіңді, жоқтағалы. Орны тұр төрде, бірақ өзі алыста... Сағыныш сезімі еш тоқтамады.

Өзің ең ақылшымыз, айбарымыз, Өзіңнен өмірде көп алғанымыз. Жақсы атыңа ешқашан кір жуытпай, Өзіңдей адам болсақ - арманымыз.

Сағынышпен еске алушылар: **анасы, балалары, бауырлары, нағашылары, жиендері.**

Марқұм ағамыздың 1 жылдық асы Қарағанды қаласы, Аль-Машани мешітінің асханасында 2021 жылдың шілде айының 17 күні сағат 13.00 де беріледі.

Еске алу

ТАУ ТҰЛҒА ЕДІ

Ақадыр балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры болған, Қазақстан Республикасына самбодан еңбегі сіңген жаттықтырушы, ҚР-ның Құрметті спорт қайраткері, самбодан өлемдік деңгейдегі экстракласс төреші, жергілікті кент, аудан, облыс қана емес, жалпы республикаға, тіпті, алыс-жақын шет елдерге есімі белгілі заңғар тұлға Сейсенбай Жанасұлының фәниден бақиға көшкеніне жыл толды.

1986 жылдан бері былтырғы жылға дейін Ақадырдағы балалар мен жасөспірімдер спорт мектебін басқарған Сейсенбай Қапасұлының орасан зор еңбегін тізбелемегеннің өзінде, марқұм ағамыздың Ақадырдан 30 спорт шеберін дайындап шығаруының өзі ерен еңбек емес пе?!

Ақадыр спорт мектебінде республикалық, тіпті, халықаралық деңгейдегі талай турнирлердің басты ұйымдастырушысы болған марқұм ағамыздың ізі спорт мектебіміздің әр тұсында сайрап жатыр. Спортты жанындай сүйген Сейсенбай Қапасұлының тәлім-тәрбиесімен бағыт-бағдарымызды нықтадық, марқұм жақсы адам еді, қамқоршымыз еді.

Біз, өзіңізді әрдайым сағына еске аламыз. Топырағыңыз торқа, жаныңыз жәннатта болғай. Бақұл болыңыз, Аға!

Ақадыр спорт мектебі ұжымы.

Еске алу

Төменгі Қайрақты ауылының тұрғыны, мектеп директоры, аудандық мәслихаттың депутаты болған аяулы ана, асыл жар, қимас бауыр, ақылшы ұстаз, елім деп еңіреген білгір басшы болған **Рымбала БОҚАНҚЫЗЫНЫҢ** фәниден бақиға өткеніне тамыз айының 7-ші жұлдызында 1 жыл толады. Қимас асылымызды сағынышпен еске алып, Алла Тағала иман нұрын берсін дейміз!

Сан салмаққа қайыспайтын нар едің, Нұры бөлек, шуағы ерек таң едің. Адалдықты байлығым деп білетін, Адамдықты қадірлейтін жан едің.

Бұл тағдырдың жазғанына бағындық, Сағыныштың сары шекпенін жамылдық. Қасымызда жайраң қағып жүретін Сәтті күнді, тәтті күнді сағындық.

Сағына еске алушылар: балалары: Дәурен-Венера, Данияр-Бұлбұл, Дидар, немерелері: Мәди, Айзере, Әли, Бағым және бауырлары мен туған-туысқандары.

Анамыздың жылдық асы шілде айының 17-ші жұлдызында Төменгі Қайрақты ауылында сағат 11.00-де, 13.00-де және 15.00-де беріледі. Асқа ағайын-туыс, дос-жаран, ауылдастар мен анамыздың көзін көрген, қызметтес болған әріптестерін шақырамыз.





Еске алу

Ақадыр кентінің тұрғыны болған асыл жар, ардақты әке, немерелерінің қымбатты атасы **БЕКІШ баласы Рахметжанның** өмірден озғанына 40 күн толады. Ардақты әкемізді сағына еске алып, топырағы торқа, жатқан жері жайлы болсын деп, рухына дұға бағыштаймыз.



Біздер үшін асқар едін, шын, асқак, Сенсіз қалды жанымыз да тым ақсап, Жанарларды жәудіретіп мәңгілік, Кеттің, Әке, жанымыздан жырақтап.

Сен кеткенде жанарлар да жылап тым, Жігеріміз кетті сынып, сұлап мың, Жан Әкешім, жаның болғай әрқашан, Ең ерекше, ақ төрінен **ЖҰМАҚТЫҢ!**

Еске алушылар: **жұбайы, бауырлары, балалары және немерелері**

Марқұм әкеміздің 40 күндік асы ағайын-туыс, көрші-қолаң, құда-жекжат, әкеміздің көзін көрген жандарға 10 шілде күні сағат 12.00-ден бастап Ақадыр кентіндегі Мадиева көшесі, 2/2 өз шаңырағында берілетінін хабарлаймыз.

Еске алу

Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны болған, аяулы жар, мейірімді әже, ағайын-туысқа бауырмал асыл анамыз **Саня (Сәмкен) ӘЛІМЖАНҚЫЗЫНЫҢ** фәниден бақиға озғанына шілде айының 16-шы жұлдызында 40 күн толады. Отбасымыздың тірегі, аяулы ана, қамқор әже, немерелеріне жанын беретін ерекше жан едіңіз. Анашым, немерелеріңіздің қызығын көретін шақта сұм ажал ортамыздан алып кетті.



Анамыздың айтқан ақылы, нұрлы бейнесі әлі де көз алдымыздан кетпей орныңыз ойсырап тұр. Алланың ісіне не шара? Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болсын, деп рухыңызға дұға бағыштаймыз.

Анашым, сағынамыз, жүрек үнсіз жылайды, Сағыныштан кейде арманым келуіңді сұрайды. Анашым, сіз тұрған үй, сіз жүрген жер қалды өне, Орныңыз тұр, жалғызсырап жүрек менде жылайды.

Анашым жақсы адамдар бір Аллаға ұнайды, Кеткеніңіз ана жаққа өкелді ғой мұң-қайғы, Сабыр сақтап жүрміз Ана, амал бар ма басқалай, Бір Алланың қалауы сол, жүрегіміз мұңайды.

Еске алушылар: **балалары, немерелері, жиендері.**

16-шы шілде күні анамыздың өмірден озғанына 40 күн толуына орай Жанқұтты би мешітінде сағ.11.00-ден бастап анамыздың рухына дұға оқылып, құран бағышталды. Әкеміз бен анамыздың көзін көрген, құда-жекжат, ағайын-туыс, көрші-қолаң, жора-жолдастарына хабарлаймыз.

Еске алу

Төменгі Қайрақты ауылының тумасы, аудандық мәслихаттың V, VI шақырылымының депутаты, бірімізге әпке, бірімізге қадірлі дос болған, әріптесіміз **Рымбала БОҚАНҚЫЗЫНЫҢ** дүниеден озғанына 1 жыл толып отыр.



Бар ғұмырын білім саласына байланыстырған **Рымбала Боқанқызын** білмегендер кемде-кем. Соңғы демі таусылғанша шәкірт тәрбиелеп, білім нәрін төккен асыл жанды сессия кезінде еске аламыз... Себебі ол кісі адам жанын тез ұға білетін сезімтал жан болатын.

Кеше ғана арамызда күліп-ойнап, жарқылдап жүрген біріміздің жеңгеміз, біріміздің бауырымыз, әріптесіміз Рымбала Боқанқызынан айырылды. Өлім түгілі өкпеге қимайтын есіл әріптесіміз жайлы ендігі жерде естелік айтамыз деп кім ойлаған?.. Оның ғұмыр дәриясы - мәңгілік ағысқа ауысты... Алтындай ғұмыры, Қара Жердің үстінде 54 жыл ғана өмір беріпті.

Рымбаланың асыл бейнесі көз алдымызда, жүрегімізден өшпек емес, мейірімді кең жүрегін, жарқын жүзін сағына еске алып, жатқан жері жайлы, топырағы торқа, нұры пейіште шалқығай.

Еске алушылар: **аудандық мәслихаттың депутаттары, аудандық мәслихат аппараты.**

Еске алу

Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны болған асқар тау әке, адал жар, қамқор бауыр, немерелерінің сүйікті атасы **СӨТБЕК Мейрам Саятұлының** мына фәниден мәңгілік сапарға аттанғанына алдымыздағы шілде айының 11-і күні 40 күн толады. Жалған ғұмырда жан баласын жатырқамай, кішіпейіл ақжүрегің жалпақ жұртқа ортақ қыла білген әкеміздің ғұмыры біз үшін үлкен өнеге. Тұғыры биік ердің жасынан асқан шағында тағдыр жібі келте қиылып, қабырғамызды қайыстырып кеткен әкемізді еске алып, әруағыңа дұға бағыштап, жатқан жері жайлы, жаны жәннаттан орын алсын деп тілейміз.



Әкешім жүруші едік біз еркелеп, Кім білген кетерінді тым ертерек, Қол жайып, дұға етеміз артыңыздан, Алланың мейіріміне бөлесе деп.

Еске алушылар - **Сәтбековтер әулеті.**

Марқұм әкеміздің қырық күндік асы 11 шілде күні аудандық орталық «Жанқұтты би» мешітінің асханасында сағат 11.00-ден бастап беріледі. Асқа туған-туыс, құда-жекжат, көрші-қолаң, достарын, жалпы барша ағайынды шақырамыз.

Жаны жайсаң, қадірменді ағамыз **Рахметжан ағамыздың** өмірден өткеніне де бір жыл толды.

Рахаң еңбек жолын 1962 жылдан 1992 жылға дейін “Октябрьдің 40 жылдығы” атындағы кеңшарында (Тағылы ауылдық округі) қатардағы механизаторлықтан бастап, кеңшарда жүргізуші, бөлімше басқарушысы, кеңшардың бас инженері қызметіне дейінгі жолдан өтті.

Ағамыздың рухына дұға бағыштай отырып, мына өлең жолдарын арнаймын.

Рахаң!

Соғыс жылы туса да кемшілікті көрмеген.
Әкеден ерте қалғанда нағашысы дем берген.
Бірге өскен құрбыға жолынан теңдік бермеген.
Ел оқыған оқуды оқымай-ақ меңгерген.


Қатардағы жұмыстан басшылыққа өрлеген.
Тиянақты ісіне басшылары бас иген.
Үлкеннен алып батаны, артынан жақсы сөз ерген.
Қиын-қыстау жұмыстың тізгінін ұстап жүргізген.
Араласқан дос-жаранға сыйластығын білдірген.

Жолдастың сөзін тастамай құлағына ілдірген.
Әр ісіңді мақтайды қатар жүріп көз көрген.
Жүрген жерің той еді-ау айналаңды күлдірген.
Жөнің бөлек ағам-ау сеніңде қалды-ау бұл дүниең.

Қимастықпен қайтейін көңілімді білдірем.
Кімдер мәңгі жүреді мына дүние жалғанда.
Бір күндік өмір сүруге әр пендеңіз арманда.
Жазулы күні жеткенде жүре берер парманда.
Бауырларың жоқтады, артыңда кейін қалғанда...

Топырағың торқа боп,
Бұйырсын жердің жайлысы.
Ұрпағың артта аман боп,
болмасын реніш қайғысы.

Көңіл білдіруші,
Қазгелді.



ХАБАРЛАНДЫРУ

Открыто наследственное дело после смерти Сокурова Ардака Абиловича умершего 29.03.2020 г. Заинтересованные лица могут обратиться к нотариусу Туткабековой З. по адресу: Карагандинская область, Шетский район, пос. Агадырь, ул. Тауелсиз Казахстан, дом 9, кв. 14, телефон: 8 71033 27515.

Открыто наследственное дело после смерти Берикбаева Саумана Саматовича умершего 02.04.2010 г. Заинтересованные лица могут обратиться к нотариусу Туткабековой З. по адресу: Карагандинская область, Шетский район, пос. Агадырь, ул. Тауелсиз Казахстан, дом 9, кв. 14, телефон: 8 71033 27515.

Еске алу

Қызылту ауылының тумасы, ардақты әке, сүйікті ата болған **БИТЕНОВ Қуат Қараұлының** өмірден озғанына 1 жыл толады. Әкеміздің артында қалған ұрпақтары сағына еске алып, әруағына арнайы дұға бағыштаймыз.



Тағдырдың жазғанына барма шара, Жан едің кең пейілді, жеке дара. Сәні боп төрімізде жүруші едің, Асқар таудай жан Әке, асыл Ата!

Сағынып еске аламыз Әке сізді, Еркелетіп өсірдің бәрімізді. Өзін берген тәрбие ұмытылмас, Тағылымы мол тәлімді әрі ізгі.

Еске алушылар: **балалары, немере-шөберелері, жиендері.**

Әкеміздің өмірден озғанына 1 жыл толуына орай, 17-шілде күні сағат 11.00 ден бастап Ақадыр кентіндегі мешіт асханасында рухына дұға оқытылып құран бағышталды. Асқа ағайын-туыс, құда-жекжат, ауылдастарды, балалары мен немерелерінің әріптестері мен дос-жарандарын шақырамыз.

Еске алу

Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны болған, аяулы да ардақты анамыз, немерелерінің сүйікті әжесі **РАХЫЖАНОВА Бақытайдың** өмірден өткеніне 40 күн толды.



Бәрінен де биік тұрар бағаныз, Сіздей жанды қайдан іздеп табамыз? Қырық күнде өте шықты зымырап, Сіз кеткелі аяулы жан Анамыз.

Бақытым деп бағалайтын баласын, Жан едіңіз нағыз қамқор, жанашыр. Әр күн сайын еске аламыз сағынып, Жатқан жеріңіз жайлы болсын, Анашым.

Еске алушылар: **балалары - Мұхит-Секер, Гүлжазира, немерелері мен жиендері.**

Анамыздың 40 күндік асы 10-шы шілде күні Ақсу-Аюлы ауылында орналасқан “Тілек” дәмханасында сағат 11.00-ден бастап беріледі.

Асқа туған-туыс, құда-жекжат, көрші қолаң, анамыздың көзін көрген жандарды және балаларының әріптестерін, жора-жолдастарын шақырамыз.

Еске алу

Жарылғап батыр ауылының тумасы, асыл бауырымыз, ардақты әке, немерелерінің сүйікті атасы **ҚАМЗАБАЕВ Жәністің** фәниден бақиға озғанына 1 жыл толады. Жыл толды өзіңізді көрмегелі, Сағыныш жүректерді тербегелі. Сағым боп көзден ұшып кете бардың, Фәнидің жалғандығын ұқтым енді.



Елендеп жан-жағымнан көп іздедім, Сұлбасын ұқсатамын кей пенденін. Күлім қағып алдымыздан шыға ма деп, Бәріміз әлі күнге елендейміз.

Қашанда орны бөлек асылым ең, Ажалға араша боп тұра алмадық. Артта қалған ұрпағың аман болып, Салмасын енді бізге ажал құрық.. Марқұмды сағына еске алып, жатқан жері жарық, топырағы торқа болсын деп рухына дұға бағыштаймыз.

Еске алушылар: **Қамзабаевтар әулеті.**

Шілде айының 17 күні Жарылғап батыр ауылында сағат 11.00-ден бастап берілетін жылдық асын туған-туыс, құда-жекжат, дос-жарандарға хабарлаймыз.

Еске алу

Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны болған, асыл жар, ардақты әке, қимас бауырымыз **ЖАҚЫПОВ Әбілхайыр Әуесханұлының** өмірден озғанына 1 жыл толады. Біз үшін орны бөлек, аса қымбатты да ардақты жанға деген сағынышымыз уақыт өткен сайын жанымызды жабырқатып, жүрегімізді сыздатуда. Күні кеше ғана ортамызда жүрген асқар тау әкемізден, жан бауырымыздан көз жазып қалып, артында аңырап қалдық. Қолдан келер қайран жоқ. Ағайын-туыс, бауырларының арасында өзіндік орны бар, дос-жаранға сыйлы болған асыл жанның жарқын бейнесін сағына еске аламыз. Көрмеген қызығын, жасамаған жасын, соңында қалған балалары, бауырлары мен жұбайы көрсін. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болып, қабіріңе Алланың нұры жаусын дейміз.



Адам мәңгі жүрмейді бұл жалғанда, Көнеміз ғой тағдырдың салғанына. Көзімізге ып-ыстық жас келеді, Әкемізді сағынып, еске алғанда.

Жалғап өскен ағайынның арасын, Қайран әке, бір төбе дарасың. Тірі болсын артыңдағы ұрпағың, Жан әкешім мәңгі есте қаласың. Орның болсын пейіштің қақ төрінде.

Еске алушылар: **жұбайы - Анар, балалары-Айтолқын, Абай-Ақбота, Дамир, немересі - Анель, бауырлары, Жақыповтар әулеті.**

Марқұм әкеміздің 1 жылдық асы шілде айының 17 күні сағат 11.00-ден бастап “Тілек” дәмханасында беріледі.

«Шет ауданының жер қатынастары бөлімі» ММ-і бизнес объектілеріне арналған жалдау құқығы берілетін жер учаскелеріне жалға беру үшін 2021 жылдың 23 шілде сағат 10.00-де аукцион өткізеді. Мекен-жайы: Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Шортанбай жырау көшесі, 24 / ГУ «Отдел земельных отношений Шетского района» проводит аукцион по предоставлению продажи права аренды земельных участков для строительства объектов, который состоится 23 июля 2021 года в 10.00 ч. По адресу: Карагандинская область, Шетский район, село Ақсу-Аюлы, ул. Шортанбай жырау, 24.

Жер учаскелерінің тізбесі / Перечень земельных участков

№ п/п	Жер учаскесінің мекен-жайы мен орналасуы / Адрес и месторасположение земельного участка	№ Лот	Көлемі, га, нысаналы мақсаты, жерді иелену құқығы / площадь, целевое назначение, вид права	Шектеулердің тізбесі / перечень ограничений	Бастапқы бағасы / Начальная цена, тенге	Кепілдік жарна сомасы / Сумма гарантийного взноса, тенге	Жалдау ақысының мөлшері / Размер арендной платы, тенге
1	Ақадыр кенті, Қыздарбеков көшесі / пос.Агадыр, ул. Кыздарбекова	69	0,0006 га, дүңгіршек орнату және қызмет көрсету үшін, уақытша өтеулі 5 жылға / для установки и обслуживания киоска, временное возмездное сроком на 5 лет	Санитарлық және экологиялық талаптардың сақталуы, кепілге беруді қоспағанда, уақытша жер пайдалану (жалгерлік) құқығына билік ету құқығымен. / Соблюдение санитарных и экологических норм, с правом распоряжения правом временного землепользования (аренды), кроме передачи в залог.	521	145 850	11
2	Ақадыр кенті, Қыздарбеков көшесі / пос.Агадыр, ул. Кыздарбекова	73	0,0006 га, дүңгіршек орнату және қызмет көрсету үшін, уақытша өтеулі 5 жылға / для установки и обслуживания киоска, временное возмездное сроком на 5 лет	Санитарлық және экологиялық талаптардың сақталуы, кепілге беруді қоспағанда, уақытша жер пайдалану (жалгерлік) құқығына билік ету құқығымен. / Соблюдение санитарных и экологических норм, с правом распоряжения правом временного землепользования (аренды), кроме передачи в залог.	521	145 850	11
3	Ақадыр кенті, Абай даңғылы / пос.Агадыр, пр.Абай	70	0,0024 га, келікжай құрылысы үшін, уақытша өтеулі 5 жылға / для строительства гаража, временное возмездное сроком на 5 лет	Санитарлық және экологиялық талаптардың сақталуы, кепілге беруді қоспағанда, уақытша жер пайдалану (жалгерлік) құқығына билік ету құқығымен. / Соблюдение санитарных и экологических норм, с правом распоряжения правом временного землепользования (аренды), кроме передачи в залог.	2 083	145 850	42
4	Көктіңкөл а/о, Көктіңкөл ауылы / Коктенкольский с/о, с.Коктенколь	83	1,0 га, мал шаруашылығы кешенінің құрылысы үшін, уақытша өтеулі 5 жылға / для строительства животноводческого комплекса, временное возмездное сроком на 5 лет	Санитарлық және экологиялық талаптардың сақталуы, кепілге беруді қоспағанда, уақытша жер пайдалану (жалгерлік) құқығына билік ету құқығымен. / Соблюдение санитарных и экологических норм, с правом распоряжения правом временного землепользования (аренды), кроме передачи в залог.	101 000	145 850	5760
5	Өспен а/о, Өспен ауылы / Успенский с/о, с.Успенка	84	0,1584 га, мал шаруашылығы кешенінің құрылысы үшін, уақытша өтеулі 5 жылға / для строительства животноводческого комплекса, временное возмездное сроком на 5 лет	Санитарлық және экологиялық талаптардың сақталуы, кепілге беруді қоспағанда, уақытша жер пайдалану (жалгерлік) құқығына билік ету құқығымен. / Соблюдение санитарных и экологических норм, с правом распоряжения правом временного землепользования (аренды), кроме передачи в залог.	20 117	145 850	913
6	Тағылы а/о, Жұмыскер ауылы / Тағылинский с/о, с.Жұмыскер	87	0,01 га, моноблогты типті контейнерді орнату үшін, уақытша өтеулі 5 жылға / для установки контейнера моноблочного типа, временное возмездное сроком на 5 лет	Санитарлық және экологиялық талаптардың сақталуы, кепілге беруді қоспағанда, уақытша жер пайдалану (жалгерлік) құқығына билік ету құқығымен. / Соблюдение санитарных и экологических норм, с правом распоряжения правом временного землепользования (аренды), кроме передачи в залог.	1 520	145 850	58
7	Ақсу-Аюлы ауылы, Жапақов көшесі / село Ақсу-Аюлы, ул.Жапакова	17	0,0070 га тұрмыстық ғимарат құрылысы үшін, уақытша өтеулі 5 жылға / для строительства хозяйственной постройки, временное возмездное сроком на 5 лет	Санитарлық және экологиялық талаптардың сақталуы, кепілге беруді қоспағанда, уақытша жер пайдалану (жалгерлік) құқығына билік ету құқығымен. / Соблюдение санитарных и экологических норм, с правом распоряжения правом временного землепользования (аренды), кроме передачи в залог.	2 688	145 850	53
8	Ақшатау кенті, Алматы-Екатеринбург трассасы бойында / пос.Ақшатау, вдоль трассы Алматы-Екатеринбург	78	1,0 га, жол бойындағы кешен құрылысы үшін, уақытша өтеулі 5 жылға / для строительства придорожного комплекса, временное возмездное сроком на 5 лет	Санитарлық және экологиялық талаптардың сақталуы, кепілге беруді қоспағанда, уақытша жер пайдалану (жалгерлік) құқығына билік ету құқығымен. / Соблюдение санитарных и экологических норм, с правом распоряжения правом временного землепользования (аренды), кроме передачи в залог.	23 600	145 850	1728
9	Ақадыр кенті, Ағыбай батыр көшесі / пос.Агадыр, ул. Ағыбай батыра	82	0,0289 га, көлік жуу құрылысын салу, уақытша өтеулі 5 жылға / для строительства автомойки, временное возмездное сроком на 5 лет	Санитарлық және экологиялық талаптардың сақталуы, кепілге беруді қоспағанда, уақытша жер пайдалану (жалгерлік) құқығына билік ету құқығымен. / Соблюдение санитарных и экологических норм, с правом распоряжения правом временного землепользования (аренды), кроме передачи в залог.	25 085	145 850	500
10	Ақсу-Аюлы а/о Ақсу-Аюлы ауылы, Тлеулин көшесі / Ақсу-Аюлинский с/о, с.Ақсу-Аюлы, по ул.Тлеулина	85	0,1 га, көпөтерлі екі қабатты тұрғын үй құрылысы үшін, уақытша өтеулі 5 жылға / для строительства многоквартирного двухэтажного жилого дома, временное возмездное сроком на 5 лет	Санитарлық және экологиялық талаптардың сақталуы, кепілге беруді қоспағанда, уақытша жер пайдалану (жалгерлік) құқығына билік ету құқығымен. / Соблюдение санитарных и экологических норм, с правом распоряжения правом временного землепользования (аренды), кроме передачи в залог.	38 400	145 850	749
11	Ақсу-Аюлы а/о Ақсу-Аюлы ауылы, Тлеулин көшесі / Ақсу-Аюлинский с/о, с.Ақсу-Аюлы, по ул.Тлеулина	86	0,1 га, көпөтерлі екі қабатты тұрғын үй құрылысы үшін, уақытша өтеулі 5 жылға / для строительства многоквартирного двухэтажного жилого дома, временное возмездное сроком на 5 лет	Санитарлық және экологиялық талаптардың сақталуы, кепілге беруді қоспағанда, уақытша жер пайдалану (жалгерлік) құқығына билік ету құқығымен. / Соблюдение санитарных и экологических норм, с правом распоряжения правом временного землепользования (аренды), кроме передачи в залог.	38 400	145 850	749

Аукционға қатысушыларды тіркеу төмендегі мекен-жайда жүргізіледі: Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Шортанбай жырау көшесі, 141А, «Шет ауданының жер қатынастары бөлімі» ММ. Аукционға өтінім тапсыру мерзімінің аяқталуы: 2021 жылдың 22 шілде сағат 10.00-ге дейін. Толық анықтама алу үшін: 8(71031) 2-12-70 телефон жұмыс жасайды немесе Шет ауданының өкімі аппаратының ақпараттық порталы.

Регистрация участников аукциона производится по адресу: Карагандинская область, Шетского района, село Ақсу-Аюлы, ул.Шортанбай жырау, 141А. ГУ «Отдел земельных отношений Шетского района». Окончательный срок предоставления аукционных заявок – до 10-00 ч. 22 июля 2021 года. Полную информацию можете получить: по тел.8(71031) 2-12-70 либо информационный портал аппарата акима Шетского района.

Сауда-саттықтың әдісі - ағылшындық әдісі / Метод торгов - английский метод

Талап: Аукционға қатысушыларды тіркеу хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және аукцион басталғанға дейін жиырма төрт сағат бұрын аяқталады. Өтінімдерді қабылдау және тіркеу мерзімі аяқталғаннан кейін түскен өтінімдер қаралмайды. Аукционға қатысушы ретінде тіркелу үшін мынадай құжаттарды беру қажет:

1) мөлiмeттер түрiндегi жер учаскесiне меншiк құқығын (жалдау) сату жөнiндегi аукционға қатысуға өтiмi;

2) сауда-саттыққа қатысушы кепiлдiк жарнаны "электрондық үкiмет" төлем шлюзы арқылы төлеген жағдайды қоспағанда, кепiлдiк жарна енгiзiлгенiн растайтын төлем құжаты;

3) өкiлдiң өкiлеттiлiктерiн куәландыратын құжат.

Көшiрмелердiң дұрыстығын растау үшін саныстырып тексеру үшін түп нұсқалар ұсынылады.

Электрондық өтiмiш берiлген жағдайда, осы тармақтың 2), 3) тармақшаларында тiзбеленген құжаттар құжаттардың электрондық көшiрмелерi нысанында берiледi.

Жеке басты куәландыратын құжат, жеке кәсiпкердi субъектiсi ретiнде мемлекеттiк тiркеу, заңды тұлғаны мемлекеттiк тiркеу (қайта тiркеу) туралы мөлiмeттердi ұйымдастырушы тиiстi мемлекеттiк ақпараттық жүйелерден "электрондық үкiмет" шлюзы арқылы алады. Кепiлдiк жарна «Шет ауданының жер қатынастары бөлімі» ММ-нің БСН 160840006188 ИИК **KZ690705034632269006**, Аймақ: **302401, КБе-12, БИК ККМFKZ2A, Ерекшелiгi: 085006, Код ГУ/СКС 4632269**, төлем мақсатының коды-171 депозиттік шотына енгiзiледi. Аукционды жеңiп шыққан және сатып алу-сату шартын жасасқан адамның кепiлдiк жарнасы сатып алу-сату шарты бойынша тиесiлi төлемдердiң есебiне жазылады. Сатушы кепiлдiк жарнаны мынадай жағдайларда:

1) қатысушыларды тiркеу мерзiмi аяқталғаннан кейiн аукционға қатысудан бас тартса;

2) осы Қағидалардың 20-тармағында көзделген мiндеттемелердi орындаудан бас тартқанда қайтарылмайды.

Басқа жағдайлардың барлығында кепiлдiк жарналар осы қатысушының деректемелерi көрсетiлген, кепiлдiк жарнаны қайтару туралы өтiмiш берген күннен бастап бес банктiк күннен аспайтын мерзiмде қайтарылады. Объект бойынша сауда-саттық өттi деп саналады, егер объект бойынша сауда-саттыққа екiден кем емес болған жағдайда ғана.

ТӨЛЕУ ТҮРІ МЕН ШАРТТАРЫ: аванстық төлем бағасының 50% - ы мөлшерінде енгiзiледi, аукцион барысында орнатылған, мерзiмi бес банктiк күннен кешiктiрмей қол қойылған күнiнен бастап сатып алу-сату шарты. Кепiлдiк

жарна есебiне аванстық төлем. Қалған сомасы қол қойылған күнiнен бастап сатып алу-сату шарты 30 күнтiзбелiк күннен кешiктiрмей енгiзiлуi тиiс.

ЖЕР УЧАСКЕСIНIң САТУ ШАРТЫ: мiндеттi түрде пайдалану мақсатына сәйкес, сәулет-жоспарлау ғимараттың объектiнi жобалау үшін, сервитуттарды ұсыну, жер салығын уақыттылы енгiзу

Требования:

Регистрация заявок участников аукциона осуществляется со дня публикации объявления и завершается за двадцать четыре часа до начала аукциона. Заявки, поступившие по истечении срока их приема и регистрации, не рассматриваются. Для регистрации в качестве участника аукциона необходимо представить следующие документы:

1) заявка на участие в аукционе по продаже права собственности (аренды) земельного участка в форме сведений;

2) платежный документ, подтверждающий внесение гарантийного взноса, за исключением случая оплаты участником торгов гарантийного взноса через платежный шлюз "электронного правительства";

3) документ, удостоверяющий полномочия представителя;

Для подтверждения достоверности копий предъявляются оригиналы для сверки. При подаче электронного заявления документы, перечисленные в подпунктах 2), 3) настоящего пункта представляются в форме электронных копий документов.

Сведения о документе, удостоверяющем личность, о государственной регистрации индивидуального предпринимателя, государственной регистрации (перерегистрации) юридического лица, организатор получает из соответствующих государственных информационных систем через шлюз "электронного правительства". Гарантийный взнос вносится на депозитный счет ГУ «Отдел земельных отношений Шетского района» БИН 160840006188, ИИК **KZ690705034632269006**, Регион: **302401, КБе-12, БИК ККМFKZ2A, Спецшелiгi: 085006, Код ГУ/СКС 4632269**, код назначения платежа-171

Гарантийный взнос лица, выигравшего аукцион и заключившего договор купли-продажи, зачисляется в счет причитающихся платежей по договору купли-продажи. Гарантийные взносы возвращаются в срок не более пяти банковских дней со дня подачи заявления о возврате гарантийного взноса с указанием реквизитов этого участника.

Лицо, заявка которого зарегистрирована, получает билет участника, который обменивается на аукционный номер в день проведения аукциона. Использование аукционного номера другим лицом в процессе торгов не допускается.

Торги по объекту считаются состоявшимися только в том случае, если количество участвующих в торгах по объекту не менее двух.

ФОРМА И УСЛОВИЯ ПЛАТЕЖА: авансовый платеж вносится в размере 50 % от цены, установленной в ходе аукциона, в срок не позднее пяти банковских дней со дня подписания договора купли-продажи. Гарантийный взнос засчитывается в счет причитающегося авансового платежа. Оставшаяся сумма должна быть внесена не позднее 30 календарных дней со дня подписания договора купли-продажи.

УСЛОВИЯ ПРОДАЖИ ЗЕМЕЛЬНЫХ УЧАСТКОВ: обязательное использование в соответствии с целевым назначением, получение архитектурно-планировочного здания для проектирования объекта, предоставления сервитутов, своевременное внесение земельного налога.

БИОЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ
КӘСІБИ МАССАЖ

ТЕЛЕФОН:
8 71031 21272 немесе 8 7082351902, 8 7789249192

БЭМ - бұл биоэнергетикалық массажер адам бойындағы биоэнергетикалық белсенді нүктелер мен меридиандарды ашып, адам ағзасындағы қан айналу системасын қалпына келтіре отырып, қанның қоюлануына, қан қысымының жоғарылауына, инсульт, инфаркт, қант диабеті, онкологиялық ісіктеріне жол бермеуге бағытталған алдыңғы қатарлы, жоғарғы технологиялық аппарат.

Бұл аппараттың көмегімен алған 45 минуттық массаж, 1-1,5 сағаттық 10 рет қолданумен жасаған массаж және туйна, гуаша, отпен, инемен, банка қою (комплекті) алмастырады. Сонымен қатар, адам ағзасындағы қан айналу, лимфа, ішек құрылысы системаларының қызметін тоқсін мен шлактардан газартып, созылмалы бауыр, бүйрек, жүрек, химия терапия алған онкологиялық науқастардың қалпына келуіне орасан көмегі зор.

Мекен-жайы: Ақсу-Аюлы ауылы, Шортанбай жырау көшесі, 73. Телефон: 8 71031 21272 немесе 8 7082351902, 8 7789249192 (Шолпан)

Жұмыс тәртібі: жұмыс күндері кешкі сағат 18.00-ден 22.00-ге дейін, сенбі, жексенбі күндері таңертеңгі сағат 10.00-ден кешкі сағат 22.00-ге дейін.

мен жасаған массаж және туйна, гуаша, отпен, инемен, банка қою (комплекті) алмастырады. Сонымен қатар, адам ағзасындағы қан айналу, лимфа, ішек құрылысы системаларының қызметін тоқсін мен шлактардан газартып, созылмалы бауыр, бүйрек, жүрек, химия терапия алған онкологиялық науқастардың қалпына келуіне орасан көмегі зор.